

Бекітемін
«Лилия» бөбекжай бақшасының меңгерушісі
Л. И. Яворская
«12.09» 2023 ж.

**Мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің
2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар	Мерзімдер	Жауаптылар
1	Қамқоршылық кеңестің №1 жалпы жиналысы 1. Кеңес мүшелерінің міндеттері мен жұмыс бағыттарын талқылау. 2. Жаңа оқу жылындағы басым міндеттерді анықтау. 3. 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңестің №2 жалпы жиналысы 1. Балалардың қауіпсіз ортада болуын қамтамасыз ету шараларын қарастыру. 2. Балабақшадағы тамақтану сапасы мен ас мәзірін талқылау. 3. Балалардың қысқы кезеңге дайындығы туралы ақпарат тыңдау. 4. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жолдарын белгілеу.	Желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
3	Қамқоршылық кеңестің №3 жалпы жиналысы 1. Балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды қарау. 2. Көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету. 3. Балабақша аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу. 4. Қызметкерлердің кәсіби дамуына жағдай жасау мәселесін талқылау.	Наурыз	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері
4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысын қарастыру. 2. 2023–2024 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылау. 3. Ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың қолдауын тиімді пайдалану мәселесі. 4. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін талқылау.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

2. Қайырымдылық және әлеуметтік қолдау

2.1	Балабақша тәрбиеленушілерінің әлеуметтік қажеттіліктерін анықтау және қажет болған жағдайда қолдау көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
2.2	«Мейірімділік» қайырымдылық шараларын ұйымдастыруға қатысу және көмекке мұқтаж отбасыларға қолдау көрсету.	Қараша–желтоқсан	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, кеңес мүшелері
2.3	Балалардың мерекелік және танымдық іс-шараларына қажетті ұйымдастырушылық қолдау көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері

2.4	Балабақшаға тартылған демеушілік қаражат пен материалдық көмектің мақсатты пайдаланылуын бақылау.	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	-------------------	-------------------------------

3. Бақылау және қоғамдық бақылау

3.1	Балалардың тамақтану жағдайына, ас блогындағы тазалыққа және санитариялық талаптардың орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	----------	-------------------------------

3.2	Ойын алаңдары мен топ бөлмелеріндегі қауіпсіздік жағдайын бақылау және анықталған мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу.	Тоқсанына бір рет	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	-------------------	-------------------------------

3.3	Мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен кері байланыс жүргізу жұмысына қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	----------	-------------------------------

3.4	Қамқоршылық кеңес шешімдерінің орындалуы және анықталған мәселелердің шешілуі бойынша ақпаратты қарау.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің төрағасы
-----	--	----------	-------------------------------

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қолдау

4.1	Қызметкерлерге балалардың құқықтарын қорғау және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстарына қолдау көрсету.	Қазан	Қамқоршылық кеңестің мүшелері, МДҰ әкімшілігі
-----	---	-------	---

4.2	Мемлекеттік және ұлттық мерекелерге арналған тәрбиелік іс-шаралардың ұйымдастырылуына қоғамдық қолдау көрсету.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	--	----------	-------------------------------

4.3	Дарынды және белсенді тәрбиеленушілерді ынталандыруға бағытталған шараларға қатысу.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	----------	-------------------------------

4.4	Ата-аналар арасында балабақша қызметінің сапасына қатысты анонимді сауалнама өткізуге жәрдемдесу және ұсыныстарды талдау.	МДҰ жоспары бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	---------------------	-------------------------------

4.5	Педагогтердің кәсіби байқауларға, семинарларға және тәжірибе алмасу іс-шараларына қатысуын қолдау.	МДҰ жоспары бойынша	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	--	---------------------	-------------------------------

4.6	Ата-аналар жиналыстарына және қоғамдық талқылауларға қатысып, оқу жылының қорытындысы бойынша ұсыныстар жинақтау.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің мүшелері
-----	---	-------	-------------------------------

Қамқоршылық кеңес отырысының
№1-хаттамасы

Қатысқандар: 10

12.09.2023ж.

Күн тәртібі

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері мен жұмыс бағыттарын талқылау.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелерін сайлау
3. 2023–2024 оқу жылындағы негізгі басым міндеттерді анықтау.
4. 2023–2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын қарау және бекіту.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз сөйлеп, жана оқу жылында Қамқоршылық кеңестің жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды. Ол Қамқоршылық кеңестің негізгі максаты мектепке дейінгі ұйымның жарғылық міндеттерін іске асыруға қолдау көрсету, тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру, ата-аналар қауымдастығы мен балабақша әкімшілігі арасындағы байланысты нығайту, сондай-ақ қоғамдық бақылауды жүзеге асыру екенін атап өтті. Кеңес мүшелерінің әрқайсысы өз міндеттерін жауапкершілікпен орындауы, қабылданған шешімдердің орындалуына назар аударуы және балалардың мүддесін бірінші орынға қоюы қажеттігі айтылды.

Одан әрі меңгеруші кеңес жұмысының негізгі бағыттарын атап өтті. Олардың қатарында балалардың қауіпсіздігіне бақылау жасау, балабақшадағы тамақтану жағдайына назар аудару, материалдық-техникалық базаны жақсартуға қатысты ұсыныстар беру, әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілердің жағдайын зерделеу және ата-аналармен кері байланысты күшейту мәселелері бар екені түсіндірілді. Кеңес мүшелері аталған бағыттарды қолдап, жыл ішінде көтерілетін мәселелерді алдын ала талқылап отыру қажеттігін білдірді.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның әдіскері У.Ахметова сөз сөйлеп, келген ұсыныстар негізінде Қамқоршылық кеңес құрамының тізімін оқып шығып, таныстыру барысында барлық кеңес мүшелерінің аты – жөндерін атап, қызметіне тоқталып өтті. Осы аталған кісілер қамқоршылық кеңесте жұмыстарын жауапкершілікпен атқаратынына сенімді екенін айтып өтті. Динозаврики тобының ата-ана комитеті Туганбай Алуа сөйледі, ол МДҰ Қамқоршылық кеңес

төрағасының кандидатурасына балабақша құрылтайшысы, әрі меңгерушісі Л.И.Яворскаяны ұсынды, сондай-ақ қамқоршылық кеңесінің хатшысы орнына тәрбиеші Колхоз Ж. бекітуді ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша меңгеруші Л.И.Яворская алып, 2023–2024 оқу жылындағы негізгі басымдықтарды талқылады. Балалардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуі, денсаулығын сақтауға қолайлы жағдай жасау, шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыру, ата-аналармен серіктестікті дамыту және мектепке дейінгі ұйымның қызметіне қоғамдық қолдауды күшейту негізгі бағыттар ретінде белгіленді. Сонымен қатар ұлттық және отбасылық құндылықтарды дәріптеу, балалардың мерекелік және танымдық іс-шараларына ата-аналарды тарту, әлеуметтік жағдайы зерделенетін отбасыларға қажет болған жағдайда көмек көрсету жөнінде ұсыныстар айтылды.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші Л.И.Яворская алып, 2023–2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын толық таныстырды. Жоспар бойынша оқу жылында төрт жалпы отырыс өткізу, қайырымдылық және әлеуметтік қолдау жұмыстарын жүргізу, тамақтану мен санитариялық жағдайға қоғамдық бақылау жасау, ойын алаңдары мен топ бөлмелерінің қауіпсіздігін қарау, ата-аналармен кері байланыс орнату және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қолдау көзделгені айтылды. Кеңес мүшелері жоспардағы іс-шараларды уақтылы орындауға дайын екендерін білдіріп, әр отырыстың соңында қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау қажет екенін атап өтті.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің міндеттері мен жұмыс бағыттары назарға алынсын және бекітілсін.
2. «Лилия» бөбекжай бақшасының 2023-2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:
 1. Яворская Л.И. – Қамқоршылық кеңестің төрағасы.
 2. Колхоз Ж. – Қамқоршылық кеңестің хатшысы.
- Қамқоршылық кеңестің мүшелері:
 3. Ахметова У.О. – әдіскер
 4. Рыбникова О.В. – бақша тәрбиешісі
 5. Крайниченко Н.Н. – бақша ардагері
 6. Туганбай А. – ата-аналардың өкілі.
 7. Шалбеков Б. – ата-аналардың өкілі.

Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды. Қамқоршылық кеңес мүшелері «Лилия» бөбекжай бақшасының Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын.

3. 2023–2024 оқу жылындағы негізгі басым міндеттер бойынша жоспарланған жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Қамқоршылық кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін, жұмыстар жүргізілсін.

Төраға

Хатшы

Аворақов М. А.
Ахметов М. А.



Қамқоршылық кеңес отырысының
№2-хаттамасы

Қатысқандар: 10

12.12.2023ж.

Күн тәртібі

1. Балалардың қауіпсіз ортада болуын қамтамасыз ету шараларын қарастыру.
2. Балабақшадағы тамақтану сапасы мен ас мәзірін талқылау.
3. Балалардың қысқы кезеңге дайындығы туралы ақпарат тыңдау.
4. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілерге көмек көрсету жолдарын белгілеу.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушіс Л.И.Яворская сөз алып, балабақшада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған күнделікті жұмыстар туралы айтты. Топ бөлмелеріндегі жиһаздардың орналасуы, ойыншықтардың қауіпсіздігі, дәліздер мен баспалдақтардың жағдайы, ойын алаңдарындағы құралдардың жарамдылығы және балалардың серуендеу кезіндегі қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізілетіні атап өтілді. Сонымен қатар тәрбиеленушілерге қауіпсіз мінез-құлық ережелерін түсіндіру, төтенше жағдайлардың алдын алу және ата-аналарға қажетті ескертулер беру жұмыстарының маңыздылығы айтылды.

Кеңес мүшелері балалардың қауіпсіздігі тек әкімшіліктің емес, барлық қызметкерлер мен ата-аналардың ортақ міндеті екенін атап өтті. Осыған байланысты ата-аналармен кері байланыс жүргізу, олардың ұсыныстарын тыңдау және байқалған мәселелер бойынша жедел ақпарат алмасу қажет екені айтылды. Балабақша аумағындағы ойын құралдарын, қоршауларды және серуендеу орындарын маусым сайын тексеріп отыру ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша медбике Ж.Колхоз сөз алып, балабақшадағы балалардың тамақтану сапасы қарастырылды. Мәзірдің баланың жас ерекшелігіне сәйкестігі, тағамдардың әртүрлілігі, дәрумендер мен пайдалы өнімдердің қамтылуы, ас блогындағы тазалық және санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау мәселелері талқыланды. Тамақ өнімдерінің сапасын бақылау, дайын тағамдарды уақытында тексеру, ас мәзірін ата-аналарға қолжетімді түрде таныстыру және қажет болған жағдайда олардың пікірін ескеру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер У.О.Ахметова сөз алып, балалардың қысқы кезеңге дайындығы туралы сөз қозғады. Қыс мезгілінде тәрбиеленушілердің жылы киіммен қамтамасыз етілуі, серуендеу уақытында ауа райы жағдайын ескеру, тайғақ жолдарда сақтық шараларын орындау және қысқы ойындар кезінде балалардың қауіпсіздігін бақылау мәселелері айтылды. Тәрбиешілер мен ата-аналарға қысқы кезеңдегі қауіпсіздік ережелерін еске салу қажеттігі белгіленді.

Төртінші мәселе бойынша тәрбиеленушілердің меңгеруші Л.И.Яворская сөз алып, әлеуметтік жағдайын зерделеу және қажет болған жағдайда қолдау көрсету жолдары жайында сөз қозғады. Қамқоршылық кеңес мүшелері әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету кезінде құпиялылық пен баланың мүддесін сақтау қағидаларын ұстану қажет екенін айтты. Сонымен бірге «Мейірімділік» қайырымдылық шараларына қатысу, мерекелік уақытта көмекке мұқтаж отбасыларды назардан тыс қалдырмау туралы ұсыныстар берілді.

Шешім:

1. Балалардың қауіпсіз ортада болуын қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық және бақылау жұмыстары жалғастырылсын.
2. Балабақшадағы тамақтану сапасы мен ас блогындағы санитариялық жағдайға қоғамдық бақылау тұрақты түрде жүргізілсін.
3. Қысқы кезеңге байланысты балалар мен ата-аналарға қауіпсіздік ережелері бойынша түсіндіру жұмыстары күшейтілсін.
4. Әлеуметтік қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілердің қажеттіліктері зерделеніп, қажет болған жағдайда тиісті көмек ұйымдастырылсын.
5. Қайырымдылық іс-шараларына ата-аналар мен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қатысуы жалғастырылсын.

Төраға

Хатшы

Яворская Л.И.
Толхоз М.А.



Қамқоршылық кеңес отырысының
№4-хаттамасы

Қатысқандар: 10

14.05.2024ж.

Күн тәртібі

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысын қарастыру.
2. 2023–2024 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстарды қорытындылау.
3. Ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың қолдауын тиімді пайдалану мәселесі.
4. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін талқылау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық барысын таныстырды. Жаз айларында балалардың денсаулығын нығайту, таза ауада көбірек уақыт өткізу, қимылды ойындар мен сауықтыру шараларын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды алдын ала дайындау керектігін айтты. Ойын алаңдарының, көлеңке түсетін орындардың, серуендеу аймақтарының және жазғы жабдықтардың жағдайын тексеру қажеттігі атап өтілді.

Сонымен қатар жазғы кезеңде балалардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, ауа температурасы жоғары болған жағдайда сыртта болу уақытын реттеу, балаларды сумен қамтамасыз ету және жарақаттанудың алдын алу бойынша тәрбиешілерге түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні айтылды. Ата-аналарға жазғы сауықтыру кезеңіне арналған ұсынымдар беру ұсынылды.

Екінші мәселе бойынша меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, 2023–2024 оқу жылында Қамқоршылық кеңестің жоспарына сәйкес атқарылған жұмыстарға қорытынды жасалды. Кеңес барысында балалардың қауіпсіздігі, тамақтану сапасы, санитариялық жағдай, әлеуметтік қолдау, қайырымдылық іс-шаралары, ата-аналармен кері байланыс және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын қолдау мәселелері қаралғаны атап өтілді. Қабылданған шешімдердің орындалу барысы бойынша кеңес мүшелері өз пікірлерін білдірді.

Үшінші мәселе бойынша меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың қолдауын тиімді пайдалану мәселесі талқыланды. Ата-аналардың мерекелік және танымдық іс-шараларға қатысуы, балабақша аумағын абаттандыруға көмектесуі, балаларға қажетті

шараларға ұйымдастырушылық қолдау көрсетуі маңызды екені айтылды. Сонымен қатар демеушілік және материалдық көмектің мақсатты әрі ашық пайдаланылуын бақылау қажеттігі атап өтілді.

Төртінші мәселе бойынша меңгерушісі, әрі Кеңес төрағасы Л.И.Яворская сөз алып, Қамқоршылық кеңестің жылдық есебін оқыды. Кеңес төрағасы жыл ішінде өткізілген отырыстарда көтерілген негізгі мәселелерге тоқталып, қабылданған шешімдердің орындалуы, ата-аналармен байланыс, әлеуметтік қолдау, қоғамдық бақылау және мектепке дейінгі ұйымның дамуына көрсетілген қолдау туралы қорытынды жасады. Келесі оқу жылында да балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ата-аналармен серіктестікті дамыту және қоғамдық бақылауды жалғастыру қажеттігі айтылды.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық жұмыстары толық аяқталып, балалар үшін қауіпсіз жағдай қамтамасыз етілсін.
2. 2023–2024 оқу жылында Қамқоршылық кеңес тарапынан атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі қабылдансын.
3. Ата-аналар мен қоғамдық ұйымдардың қолдауын ұйымдастыру және тиімді пайдалану жұмыстары жалғастырылсын.
4. Демеушілік және материалдық көмектің мақсатты пайдаланылуына қоғамдық бақылау жүргізілсін.
5. Қамқоршылық кеңестің жылдық есебі қабылданып, келесі оқу жылына ұсыныстар ескерілсін.

Төраға

Хатшы





Қамқоршылық кеңес отырысының
№3-хаттамасы

Қатысқандар: 10

12.03.2024ж.

Күн тәртібі

1. Балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды қарау.
2. Көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету.
3. Балабақша аумағын көгалдандыру және абаттандыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.
4. Қызметкерлердің кәсіби дамуына жағдай жасау мәселесін талқылау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі Л.И.Яворская сөз алып, балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Балаларға сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, музыкалық және қимылды ойындар арқылы өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беріліп отырғаны айтылды. Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін көрмелер, шағын жобалар, тақырыптық іс-шаралар және ойын арқылы оқыту элементтерін пайдалану жөнінде ұсыныстар берілді.

Кеңес мүшелері белсенді және дарынды тәрбиеленушілерді қолдау үшін олардың жұмыстарын ата-аналар мен қонақтарға көрсету, мерекелік және танымдық іс-шараларға қатыстыру, жетістіктері үшін мадақтау шараларын ұйымдастырудың пайдалы екенін атап өтті. Баланың шығармашылық бастамасын қолдау оның өзіне деген сенімін арттыруға ықпал ететіні туралы пікір айтылды.

Екінші мәселе бойынша көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қоғамдық қолдау көрсету мәселесі бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды. Алдағы мерекелерге байланысты топтарды безендіру, балалардың өнер көрсетуіне жағдай жасау, ұлттық салт-дәстүрлерді таныстыру және ата-аналарды мерекелік шараларға қатыстыру жөнінде ұсыныстар енгізілді. Қауіпсіздік талаптарын сақтау және балалардың жас ерекшелігіне сай бағдарлама құру қажеттігіне ерекше назар аударылды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша аумағын көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды. Көктемгі кезең басталуына байланысты ойын алаңдарын тазалау, ағаштар

мен гүлдерді күтіп-баптау, ауладағы көрнекілік пен санитариялық тазалықты жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірленді. Балалар ойнайтын аумақта қауіпсіздікке кедергі келтіретін заттардың болмауын бақылау және жазғы кезеңге алдын ала дайындық жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойыншкер У.О.Ахметова сөз алып, қызметкерлердің кәсіби дамуына жағдай жасау мәселесі талқыланды. Педагогтердің кәсіби байқауларға, семинарларға, шеберлік сабақтарына және тәжірибе алмасу іс-шараларына қатысуы олардың кәсіби шеберлігін арттыруға ықпал ететіні айтылды. Қамқоршылық кеңес тарапынан осындай бастамаларға ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетуге дайындық білдірілді.

Шешім:

1. Балалардың шығармашылық және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар жалғастырылсын және мүмкіндігінше кеңейтілсін.
2. Көктемгі мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру кезінде ата-аналар мен Қамқоршылық кеңес мүшелерінің қоғамдық қолдауы қамтамасыз етілсін.
3. Балабақша аумағын көгалдандыру, тазалау және абаттандыру бойынша жұмыстар ұйымдастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби дамуына, семинарлар мен тәжірибе алмасу іс-шараларына қатысуына қолдау көрсетілсін.
5. Балалардың жетістіктері мен шығармашылық жұмыстары ата-аналарға және қоғамға таныстырылып отырсын.

Төраға

Жарсаяқ

Хатшы

Қолхоз